

ТАЛДАМАСЫ

Үйірменің мақсаты: театр әрекетімен айналысу арқылы шығармашылық қабілеттерін дамыту. Үйірмеге 2-9 сынып оқушыларынан 25 оқушы қатысады. Міндеттері:

1. Театр әрекеті негізінде баланың дамуына жағдай жасау;
2. Көру, есту зейінін, есте сақтау, байқағыштық, тапқырлық, қиялдау, кеңістік ойлау қабілеттерін дамыту;
3. Балаларды театр түрлерімен таныстыру;
4. театралды – ойын әрекетіне, көрермен мәдениетіне тұрақты қызығушылықтарын тәрбиелеу.

Күтілетін нәтиже: Топтағы әр баланың жеке басының, оның шығармашылық әлеуетінің, қабілеттерінің, қызығушылықтарының дамуы. Сахнадан, көрерменнен қорықпауды үйрену. Толыққанды спектакль қоюға қатысу, шағын көлемді әдеби шығармаларды сахналау. Баланың сауатты сөйлеуді меңгеруі.

4-қазан 2023 жылы ұстаздар күніне орай «Ұстаз-ұлы тұлға» атты мерекелік шара өтті. Шараға 9-сынып оқушысы Қыдырбаева Гүлсима ұстаздарға арнап монолог оқыды. Сонымен қатар, үйірме қатысушылары «Ұстазым менің, ұстазым» атты әнін орындады.

24-қазан 2023 жылы Республика күніне орай үйірме қатысушылары «Алаш арыстары» атты қойылымды сахналады. Қойылымға қатысқан оқушылар: А.Төлеубаев, Ж.Елубаев, А.Ықсан, Т.Алдабергенов, Б.Айжарықов.

15-желтоқсан 2023 жылы Тәуелсіздік күніне орай өткізілген «Тәуелсіздігім тұғырым» атты мерекелік шарада «Ерте сөнген жұлдыз» атты қойылым сахналанды. Қатысушылар: А.Нұрсейтқызы, Ы.Алихан, Г.Қыдырбаева.

19-22 желтоқсан 2023 жылы жаратылыстану бірлестігінің жоспарына сәйкес «Эстетика апталығы» өткізілді. Жоспарға сәйкес «Балалар және театр» үйірмесі «Ертегілер әлеміне саяхат» атты 2-6 оқушыларының сахналық қойылымын тамашалады. 2-3 сынып оқушылары «Үйшік ертегісін», 5-6 сынып оқушылары «Қоян және түлкі ертегісін» 4-сынып оқушылары «Алладин ертегісін», ал 8-сынып оқушысы Жұмабекқызы Көркем «Апамның астауы» атты қойылымдарды сахналады. 4-сынып оқушысы Базарбай Нұрсұлу «Ертегілер, ертегілер» атты әнімен шараны аяқтады.

28-желтоқсан 2023 жылы 1-6 сынып оқушыларының «Қош келдің, Жаңа жыл» атты мерекелік шарасына үйірме қатысушылары мерекелік қойылымын сахналады. Қойылымға қатысқандар: Н.Базарбай, А.Нұрсейітқызы, А.Ниязбекова, А.Әлуова, А.Азаматқызы, А.Бердібек, А.Ықсан, А.Жұмабекқызы.

25 қаңтар 2024 жылы 7-8 сынып оқушылары арасында «Актерлік өнер мамандығын оқымай актер болуға бола ма?» атты пікірталас өтті. Мақсаты: оқушылардың әр түрлі көзқарастарын, ой-пікірлерін ортаға салып, көшбасшылыққа баулу.

29 ақпан 2024 жылы үйірме қатысушылары ата-аналары мен ата-әжелеріне, ұстаздары мен достарына «Алғыс айту парызым» бейнеқұттықтауын жолдайды.

7 наурыз 2024 жылы мектеп парламенті мен үйірме мүшелерінің ұжымдастырумен «Жан анам» атты мерекелік концерт өтті.

21 мамыр 2024 жылы «Шаттық» күніне орай «Наурыз-думан!» атты жастар кеші өтті. Кеште қазақтың ұлттық ойындары ойнатылып, қыз бен жігіт арасындағы әзілді сайыстар болды.

8 мамыр 2024 жылы Отан қорғаушылар күніне орай «Ән сал, сарбаз» атты фестиваль өтті. Мақсаты: оқушылардың патриоттық сезімін оятып, елін сүйуге үйрету.

«Балалар және театр» үйірмесіне 25 оқушының барлығы қатысып, жыл бойы өздеріне қажетті білімді игерді. Балалардың ішінен 2-3 сынып оқушыларының арасында Ережепов Азамат, 4-сыныптан Талғат Осман мен Базарбай Нұрсұлудың, 5-сыныпта Бердібекова Аянат, 6-сыныпта Жұмабекқызы Ақерке мен Жасанов Мирастың, 7-сыныпта Ықсан Алиханның, 8-сыныпта Жұмашов Асфандияр мен Жұмабекқызы Көркемнің актерлік шеберліктері ерекшеленді.

Жетістіктері:

1. «Отбасы мен мектептің өзара іс-қимылы: тәжірибе, мәселелер және даму перспективалары» тақырыбындағы облыстық сырттай конференциясына «Мектептегі отбасылық квест» атты ата-аналарға арналған сыныптан тыс іс-шара жұмысы жіберілді.

2. «Әлем балалар көзімен» атты байқауға үйірме қатысушысы 5-сынып оқушысы Талғат Еркеназ «Ойыншықтар таласы» атты ертегі жазды.

3. «Ертегілер еліне саяхат» атты аудандық «Үздік ертегіші» номинациясы, 1-сынып оқушысы Жұмабек Диляра, II орын, жетекшісі: Есниязов Е.Ө.

4. «Үздік сахналық қойылым» номинациясы бойынша 2-3 сынып, мақтау қағазы, жетекшісі: Есниязов Е.Ө.

5. «Жазғы каникул кезінде балалардың сауықтыру демалысының бос уақытын және жұмыспен қамтудың үздік бағдарламасы» облыстық сырттай байқауы, алғыс хат, 2024 жыл.

Келесі оқушы жылында қуыршақ театры мен көлеңке театрын қосып, дұрыс сөйлеуді, тыныс алуды, дауысты дамыту жаттығуларын көбірек жасауды үйрету. Аудандық, облыстық, республикалық байқауларға қатысып, іс-тәжірибемен айналысу керек.

Үйірме жетекшісі: Е.Ө.Есниязов





